

## **Алға аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2022 жылғы 25 ақпандағы № 140 шешімі . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 4 наурызда № 27023 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 7 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Алға аудандық мәслихатының келесідей шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) "Алға ауданында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 19 ақпандағы № 137 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3827 болып тіркелген) шешімі;

2) "Алға аудандық мәслихатының 2014 жылғы 19 ақпандағы № 137 "Алға ауданында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 220 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-3-193 болып тіркелген) шешімі.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алға аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*М. Тулеуов*